

№ 3-дәріс. Қазақстан Республикасында мұрағат ісінің даму тарихы

Дәріс сабағының мақсаты: Қазақстан Республикасында мұрағат ісінің даму тарихымен студенттерді таныстыру және осы бағытта орын алған ерекшеліктерді талдау және себептерін айқындау .

Кілт сөздер: ҚРОМА, ҚР Президенті архиві, ҚР КФДЖА, ҚР ҒТҚА

Дәріс жоспары:

1.Қазақстан Республикасында қалыптасқан архив жүйесі. Қазіргі кездегі отандық архив ісінің заңдық-құқықтық негіздері.

2. ҚР «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар» туралы Заңына талдау жасау.

3.Қазіргі таңдағы архив ісін басқару органдары және оларға бағынышты архивтер. Архивтік реформалар: мәселелері, даму жолдары, ғылыми және әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өз тәуелсіздігін жариялаған соң қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге сай республика аумағындағы мұрағат ісінің дамуында жаңа белес қалыптасты. Ендігі жерде жоғарыдан келетін нұсқауларсыз республика мұрағаттанушылары ғылыми-практикалық конференциялар, көрмелер ұйымдастырумен кеңінен айналысты. Халықаралық ұйымдармен байланыс күшейтілді. Шет елдерде жатқан құнды тарихи құжаттардың көшірмесін, микрофильмдерін мұрағат қорларына жинастыра бастады. Бұрын құпия болып келген құжаттар мерзімді басылымдарда жарияланып, кейбір құжаттардың жинағы жарыққа шығарылды.

Тиым салынған мерзімді қазақ баспасөздері, алаш зиялыларының құжаттары, ұжымдастыру мен ашаршылық, кейбір көтерілістердің материалдары жаңа методологиялық ұстанымдар бойынша зерделенді.

Жыл сайын өткізіліп тұрған түрлі мәдени шаралар, көрмелер, мұрағат ісіне қатысты бас қосулар мен ғылыми-практикалық конференциялар, Қазақстан Республикасының мұрағатқа қатысты құқықтық-нормативтік актілердің шығуы елімізде мұрағат ісінің даму тарихынан толыққанды хабардар етеді. 1992 жылдан бергі әрбір жылда атқарылған жұмыстардың барысы Қазақстан Республикасында мұрағат қызметкерлері ат салысқан бірқатар жұмыстардың қырларын нақты көрсетеді. Оны хронологиялық-тақырыптық тұрғыдан төмендегідей өрбітуге болады:

1992 жылы 6 маусымда Мәскеуде бұрын КСРО құрамында болған тәуелсіз елдердің басшылары кеңестік мұрағаттарды тең дәрежеде пайдалану

туралы келісімге қол қойды. Мемлекетаралық бұл келісім мұрағаттардағы қорларды әлеуметтік-мәдени дамуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына кеңінен пайдалануға жол ашты.

1993 жылы кеңестік кезеңде орын алған репрессиялар туралы құпия болып келген мұрағат материалдары «Алаш-Мирас» журналында және «Феникс» альманахында жарыққа шығып, қалың оқырманын тапты. Репрессия жайлы құпия материалдардың мерзімді басылымдарда басылуы, оны сақтап тұрған қорларға тарихшы-мамандардың рұқсат алуы бұрынғы кездегі бірқатар тарихи мәселелерді қайта қарауға, түйіні түйіткілді дүниелерді шешуге оң септігін тигізді.

1994 жылы Қазақстан мұрағат ісі үшін бірқатар айтуылы оқиғалар болды. Бұл жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы Халықаралық Мұрағат Кеңесіне мүшелікке өтті. Оған кіру мұрағат ісіне қатысты әлемдік әдістемелік кешенмен танысуға және оны игеруге, іс жүзінде озық тәсілдерін пайдалануға мүмкіншілікті арттырды.

1994 жылы 23 маусымда Алматы қаласында Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағат қызметі мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне қарасты мұрағат ісі мен құжаттама Бас басқармасы арасында өзара келісімге қол қойылды. Онда ортақ мұрағат қорларын бірігіп пайдалану, тәжірибе алмасу, қоғам қажеттілігіне жарату секілді бірқатар проблемалар қарастырылды. Екі ел арасындағы мұндай келісімнің жасалуы заңды еді. Өйткені Қазақстанға қатысты құжаттардың көпшілігі орталықта (Ресейде) сақталып келгендігі белгілі. Мұны ескерген шенеуніктер, ресейлік мұрағаттарды қазақстандық пайдалануын қалаған еді. мамандардың еш кідіріссіз қалаған еді .

Осы жылдың 25-28 қыркүйегінде Алматы қаласында «Қазақстан Компартиясы мұрағат құжаттарын пайдалануды жеңілдету негізінде тарих ғылымының деректік базасын кеңейту» тақырыбында республикалық семинаржиналыс өтті. Оған қатысушылар белгілі бір тақырыптар бойынша ұзақ жылдар бойы мұрағаттың кейбір қорлары жабық тұрғандығын, қазір оның ашылғандығын, ендігі кезекте қорларды шынайы тарихымызды бейнелеу үшін кеңінен пайдаланған абзал екендігін айта келе, компартия құжат- тары құнды дереккөздері екендігін, оны зерттеу тарих ғылымын жаңа көкжиектерге көтеретіндігін сөз етті.

1994 жылы Орталық мемлекеттік жаңарған тарих мұрағатының базасында Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты ұйымдастырылды. Мұрағат 1974 жылы типтік жоба бойынша тұрғызылған ғимаратта орналасқан, 8 мұрағат қоймалары мен түрлі қызметтік жайлары бар. Астана қаласында филиалы бар. 2007 жылғы 1-қаңтардағы жағдайы бойынша аталған мұрағатта 1918 жылдан бергі 700 мыңнан астам сақтау бірліктері есепке алынған. Атап айтқанда, қағаз негіздегі құжаттар саны 650 мыңдай, аудиовизуальды құжаттамалар 6 мыңнан астам, ал аса құнды құжаттардың сақтандыру қорының көшірмесі 50 мыңдай. 1998 жылдан бастап Мұрағат

жеке текті құжаттарды жинауды бастады. Онда мұрағатты құнды құжаттармен толықтыруға үнемі назар аударылады. Қазіргі таңда мұрағат қоймаларына 30 шақты мекемелерден материалдар жүйелі түрде жинақталу үстінде. Қазіргі таңда бұл мұрағат Қазақстан Республикасының саяси тарихын бойынша құжаттар жинақтайтын орын ғана емес, сонымен қатар ол республикадағы мұрағат ісіне қатысты ірі ғылыми мекемелердің біріне айналып отыр.

1995 жылы да мұрағат ісінің дамуын көрсететін бірқатар назар аударуға тұратын жұмыстар жүргізілді. Мұрағатшылардың ұйымдастырумен өткізілген келесі бір ғылыми-практикалық конференция Қазақстанда мұрағат ісінің 200 жылдығына арналды. Онда алыс-жақын елдерден келген қонақтар, ғалымдар пікір алмасты. Конференцияға қатысушылар қазақстандық мұрағаттанушылардың еңбегін жоғары бағалады. Бөкей Ордасындағы мұрағат ісіне, кеңес-тік кезеңдегі құжаттардың сақталуына, жекелеген тұлғалардың ғылыми мұрасына қатысты ойлар айтылып, көптеген мәселелер көтерілді.

1995 жылы 26-28 қыркүйекте Алматы қаласында Әзірбайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Украина елдерінің мұрағат қызметінің басшылары және Армения, Грузия, Литва мемлекеттерінің елшілік өкілдері қатысуымен консультативтік мәжіліс өтті. Онда халықаралық құқықтық-нормативтік заңдарға сай мұрағаттарды пайдалануды жеңілдету, ынтымақтастық байланыстарды күшейту секілді сауалдар төңірегінде сөз өрбітілді.

1996-1999 жылдары Қазақстанда мұрағат материалдарының негізінде бірқатар жинақтар басылып шықты. Олар: «Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы» (1996), «Жамбыл әлемі» (фотоальбом) (1996), «Қазақстандағы тіл саясаты (1921-1990)» (1997), «Әуезов және мұрағат» (1997), «Қаныш елі» (фотоальбом) (1999), т.б. Мұрағат құжаттарына негізделген бұл жинақтар бұрын көтеріліп келген тақырыптарға тың леп берді. Жинақтардың көпшілігі есімдері жоғарыда аталған тұлғалардың мерейтойларына қарай орайластырылып шығарылған еді. Сөйтіп, көптеген құжаттар көпшілікке жетіп, ұлттық игілік үшін қызмет ете бастады.

1996 жылы желтоқсан айында Қазақстанда мұрағат ісінің қалыптасуына орай мерейтойлық пошта маркасы шығарылды, құжаттарды бланктерді пайдалану мен сақтау шараларын нақтылап, қолданыстағы терминдерді бір ізге түсіріп берді.

Сонымен қатар бұл жылы ҚР Үкіметінің №797 Қаулысы бойынша «Қазақстан Республикасының мұрағат ісін 2001-2005 жылдары аралығында дамыту тұжырымдамасы» қабылданып (11- маусым, 2001 ж.), «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы (№256- II, 10-қараша, 2001 ж.)

қабылданды. Нәтижесінде ҚР-да мұрағат ісінің дамуына жаңа көкжиектер ашылды.

2002 жылы да Қазақстанда мұрағат ісінің дамуына оң серпін берген бірқатар жұмыстар жүргізілді. Оның бірі ҚР үкіметінің осы жылғы 8-ақпандағы №183 Қаулысы еді. Бұл Қаулы мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттарда ақылы қызмет көрсетуге арналды. Қаулыда тұрғындарға ақылы қызмет көрсетудің тәртібі мен негізгі ережесі белгіленді. Сондай-ақ, бұл жылы 28 мамырда Үкімет «Құжаттар көшірмесін Мемлекеттік сақтандыру қоры туралы Ережені» қабылдады. 18-желтоқсанда Мұрағат және құжаттар жүргізуді басқару комитетінің төрағасы «Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын тарихи-мәдени мұра нысандарына жатқызу ережесін» қабылдады. Онда басқару, ғылыми-техникалық, аудиовизуальды құжаттаманы, жеке тұлғалар құжаттарын және т.с.с. Ұлттық мұрағат қоры құрамына енетін құжаттарды тарихи-мәдени нысандар қатарына жатқызудың өлшемдері, құжаттарды анықтау және сипаттап жазу, оларды аталмыш мұра нысандарына кіргізу негіздемесі нақтыланды.

Ал, 2002 жылы 26-қыркүйекте Астанада Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Украина елдерінің мұрағат қызметінің басшылары кезекті Консультативтік мәжіліске қатысып, өзара ақпараттар алмасу, қызмет көрсету аясын оңтайландыру, мұрағаттық құқықтық базаны жетілдіру, тәжірибе жинақтау, т.б. мәселелер төңірегінде сөз қозғады. Мұндай мәселелер осы жиын аясында 2002 жылғы 27-қыркүйекте Астана қаласында өткен «ЕВРАЗИКА» халықаралық мұрағатшылар кеңесінің Еуразиялық аймақтық бөлімі ұйымдастырған «Еуразия регионндағы мұрағат ісінің құқықтық пробле малары» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда да көтеріледі. Аталмыш форумда М.В. Ларин, И.К.Елекеев, К.Е. Новохатский, М.Х. Жакыпов, А.С. Вирабян, В.И.Адамушко, В.Д. Исак, т.б. мамандар баяндама жасап, мұрағат ісінде орын алған құқықтық мәселелер жайына, құқықтық қатынастарға, заңнамалық жайттар негізіне тоқталды.

2003 жылы да республикада мұрағат ісіне қатысты құқықтық жайттарды реттеуге және өзге де проблемаларды көтерген бірқатар шаралар өткізілді. Айталық, 8-мамырда №413-11 Заңы бойынша 1998 жылғы «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы Қазақстан Республикасының №326-1 Заңына» аздап қосымшалар мен өзгертулер енгізілді. Бұл Заң Қазақстан Республикасының мұрағат ісіне қатысты жайттарды одан ары жетілдіре түсті. Мұны аталмыш Заңның 5 жылдығына орай 2003 жылы 19 желтоқсанда өткізілген Республикалық семинар-мәжілістің материалдары да айғақтайды. Оған Қазақстан Республикасының мұрағатшылары (С.И.Исхаков, О.Г.Полякова, В.А.Баймағамбетова, Ж.Қосубаев, А.Бақашева, К.Жамханова, т.б.) қатысып, еліміздегі мұрағат ісінің дамуы дәрежесіне, 1998 жылы қабылданған Заңның мұрағат ісін

жетілдірудегі рөліне, Ұлттық мұрағат қорын қалыптастыру мен толықтыруға, құжаттарды сақтау мәселелеріне, т.б. сауалдарға тоқталды. Сонымен қатар, ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне бағынатын Мұрағат және құжаттама басқармасы комитетінің төрағасы бұйрықтары бойынша 2003 жылы 23-сәуірде (№33-бұйрық) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұйымдарда құжаттау мен құжаттарды басқарудың типтік ережелері» мен осы жылдың 29 желтоқсанында (№93-бұйрық) «Ведомстволық мұрағаттар жұмысының негізгі ережелері» бекітілді. Бұл шаралар бойынша кіріс, шығыс және мекеме ішіндегі қағаздарды тіркеу, рәсімдеу, ведомстволық мұрағаттардың жұмысына тиесілі сауалдар, т.б. мәселелер нақтылана түсті. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370- II «Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы» Заңы мұрағат ісін жаңа белеске көтерді. Ендігі кезекте ақпараттандыру саласын жаңа әрі заман талабына сай техникалық жабдықтарға негіздеуге жол ашылды. Кейіннен 2004 жылы 20 желтоқсанда бұл Заңның 4, 5, 9, 21-баптарына өзгертулер енгізілді.

2004 жыл ведомстволық мұрағаттардың жылы деп жарияланды. Оны алғашқыда ұсыныс ретінде 2003 жылғы 19 желтоқсанда өткізілген Республикалық семинар-мәжіліске қатысушылар енгізген болатын. Соған байланысты 2004 жылы 24-қаңтарда ведомстволық мұрағаттардағы жұмыс ережесі нақтыланды.

2005 2004 жылы 17-сәуірде ҚР Үкіметі 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II «Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы» Заңға сәйкес «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарындағы электронды құжат өндеу ережесін» қабылдады. Ол бойынша электронды құжаттар айналымын ұйымдастырудың басты-басты ережелері бекітілді.

2004 жылдан бастап елімізде Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асып келеді. Бұл бағдарлама 2004 жылы 13-қаңтарда ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген. Оның бірінші кезеңі 2004-2006 жылдарды қамтыды. 2007 жылдан бері 2007-2009 жылдарға арналған екінші кезеңі жүзеге асуда. Оған Қазақстан мұрағатшылары да кеңінен атсалысып, алыс-жақын елдерде (Ресей Федерациясы, Түркия, АҚШ, Франция, т.б.) жатқан мұрағат құжаттарының көшірмесін мұрағат қорларына жинақтай бастады. Мысал ретінде айта кетер болсақ, Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында алғашқы жылдары-ақ Ресей мұрағаттарынан 105 мың микрофильм кадры, 15 мың құжат көшірмесі, 1819 фотонегатив, 109 түрлі-түсті слайдтар және 59 кино құжаттар көшірмелері әкелінді. Жалпы алғанда, жыл сайын мұндай жұмыстардың ауқымы ұлғая түскендігі белгілі. Осыған орай Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы Қазақстан Республикасында мұрағат ісінің дамуына да өзіндік септігін тигізген деуге болады.

2005 жылы ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрі мұрағатшылар ұсынған бірқатар ережелерді бекітті. Олар «Мұрағат мекемелерінің лауазымды жетекшілері мен мамандарының білік-тілік сипаттамасы» (23-ақпан, 2005 жыл, №47-бұйрық), «Тарихи немесе мәдени құндылығы бар теледидар, радио бағдарламалардың жазбасын сақтау ережесі» (25-мамыр, 2005 жыл, №138бұйрық) секілді бұйрықтар еді. Оның алғашқысында мұрағат мекемелерінің басшыларына және қызметкерлеріне санаттық мінездемелер бекітілді. Сонымен қатар алғашқысы мұрағат мекемелеріндегі жетекшілер мен мамандардың лауазымдық міндеттерін нақтыласа, келесісі бүгінгі күнгі телерадио кешендері көпшілікке таратып отырған хабарламаларды, құжатты фильмдерді, т.б. сақтау тәртібін белгіледі.

2005 жылы 1-наурызда ҚР Үкіметінің №183 Қаулысымен «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министр-лігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Археография және деректану ұлттық орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылды.

2005 жылы 19-тамызда Астана қаласында құжаттау, құжаттаманы басқару және құжаттарды ведомстволық сақтау бойынша әзірленген 70-тен аса нормативтік-құқықтық актілер, мемлекеттік стандарттар мен ғылымиәдістемелік құралдардың іс жүзінде пайдалануы, мұрағат қызметкерлерінің қоғамдағы рөлі мен мәртебесі, құжаттама бойынша бірыңғай саясат жүргізу, түрлі мекемелердегі мұрағаттардың жай-күйі, Ұлттық мұрағат қорын қалыптастыра беру мәселелерін талқылаған, мұрағат қызметкерлері өзара тәжірибе алмасқан республикалық семинар өтті.

2006 жылғы мұрағат ісіне қатысты бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Мысалы, 2006 жылы 1-ақпанда ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағаттар комитеті тұрмыстық-азаматтық құрылыстардың жобалық-сметалық құжаттаманы дайындаудың әдістемелік рекомендациясын жасап шығарды. Мұрағат ісінде электронды құжаттаманы қосу, әлемдік электронды жүйелерді пайдалану, материалдық-техникалық базаны модернизациялау, Ұлттық мұрағат қорының құрамын ұлғайту секілді бірқатар жұмыстар атқарылды. Соның ішінде екі мәселе ерекше назар аударуды қажет етеді. Біріншісі - 2006 жылы 12-желтоқсанда ҚР Мәдениет және ақпарат министрі бекіткен №314 бұйрық. Онда мемлекеттік бюджеттегі мемлекеттік мұрағаттар қызметі үшін алатын ақшалай ақысы, яғни ақылы қызметіне тиесілі баға бекітілді. Екіншісі - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Мұрағаты» концепциясы. Оны 2006 жылы 27-қазанда ҚР Мәдениет және ақпарат министрі өзінің бұйрығымен (№279) бекіткен.

Бұл жылы 19-шілдеде ҚР Үкіметі мұрағат ісін біршама дамыту мақсатында «Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты» деп аталатын мемлекеттік мекемені құрды (№692 Қаулы).

2006 жылы 30-қарашада ҚР Үкіметі №1153 Қаулыны қабылдады. Бұл Қаулы «Қазақстан Республикасында 2007-2009 жылдарда мұрағат ісі мен құжаттама жүйесін дамыту бағдарламасы» деп аталынады. Онда республикадағы мұрағат ісінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру, мұрағат ақпаратын алуды жеңілдету, Ұлттық мұрағат қорын сақтауды қамтамасыз ету, халықаралық ынтымақтастықты дамыту және кеңейту секілді бірқатар шаралар қарастырылды.

2007 жылы мұрағат ісіне қатысты іс-шаралар одан ары жүргізіле берді. Мұрағатшылар үшін негізгі ұстаным «Қазақстан Республикасында 2007-2009 жылдарда мұрағат ісі мен құжаттама жүйесін дамыту бағдарламасы» қала берді.

2007 жылы 8-мамырда «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізілді. Ол бойынша ақылы қызмет көрсету мәселесі нақтыланды.

Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарихнама және деректану кафедрасының ұйымдастыруымен 2007 жылы 30-қазанда «Тарихи дерек: археография және деректану мәселелері» атты Республикалық ғылымтеориялық конференция болып өтті. Конференцияда археография және деректанудың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелеріне ерекше ден қойылды. Онда республикадағы мұрағаттанудың ғылыми аспектілеріне бірқатар зерттеуші ғалымдар (Г.Ә. Сексенбаева, Е.М. Грибанова, Алпысбаева, т.б.) баса назар аударды. Л. Әбдрасимова, Н.К.

Сондай-ақ, 2007 жылы 7-қарашада Астана қаласында «Электронды құжат айналымы және мұрағаттар» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Оның жұмысына республика мұрағаттарының қызметкерлерінен басқа Польша, Беларусь Республикасы, Латвия, Ресей Федерациясы, т.б. елдерден мамандар келіп қатысты. Мамандардың аударған басты мәселесі қарқынды түрде дамып келе жатқан электронды құжат түрлерінің мұрағаттан алар орны болған еді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасында мұрағат ісі зор қарқынмен даму үстінде деуге болады. Оны мұрағат ісіне қатысты шыққан заңдардан, қабылданған тұжырымдамалардан және өзге де нормативтік құқықтық ережелерден де көруге болады.

Қазіргі таңда мұрағат ісінің орысша-қазақша сөздігі жасалынған. Бұл игі шара іс жүргізу мен мұрағат ісіндегі әрбір терминге өз тілімізден терезесі тең балама табу, қиюы келмейтін реттерде халықаралық қолданыстағы сөздерді тіліміздің ішкі заңдылықтарына өлшемдестіріп алуға негізделінген.

Бақылау сауалдары:

1. Тәуелсіз Қазақстанда мұрағат ісінің қайта қалыптасуы қай кезден басталады?

2. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұрағаттарды ұйым- дастыруға қандай шаралар қабылданды?
3. «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заң жайында не айта аласыз?
4. Тәуелсіздік жылдарында мұрағатта жұмыс істейтін маман- дар бұрын тиым салынған тақырыптарға, мемлекеттік қайраткерлер гумырнамасына қатысты қандай шаралар өткізді?
5. Қазақстан Республикасында қандай қаулылардың мұрағат ісін дамытуда маңызы жоғары болып табылады?
6. Қазақстан Республикасында министрліктер шығарған қан- дай бұйрықтардың мұрағат ісін дамытуда маңызы жоғары?
7. Қазақстан Республикасында мұрағат ісін ғылыми тұрғыдан карастырған қандай жиындарды атап кетуге болады?
8. Мұрағат ісін Қазақстанда дамытуға арналған концепциялар туралы не білесіз?

Пайдаланатын әдебиеттер:

1. Алексеева Е.В., Афанасьева Л.П., Бутова Е.М. Архивоведение. Учебник. –М., 2002.
2. Сабденова Г.Е. Мұрағаттану. Алматы, 2008.
3. Хорхордина Л. Архивы и история. –М., 2006.
1. Хорхордина Л. Наука об архивах. –М., 2007.
2. Государственный стандарт Республики Казахстан. СТ РК 1037-2001. Делопроизводство и архивное дело. Термины и определения. –Астана, 2001.
3. Сборник нормативно-правовых актов, научно-методических документов в области архивного дела (19981- 2001). Под общей ред. доктора ист. наук К.Л. Есмагамбетова. – Астана, 2002.
4. Адельгужин А.А. Нормативная правовая база документирования и архивного дела // Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу – Делопроизводство в Казахстане. -2007. -№ 1(1). -С. 60-66.
5. Закон Республики Казахстан от 22.12.1999 г. «О Национальном архивном фонде и архивах» № 326-І ЗРК.
6. Абдулина Т. Из истории архивного дела Казахстана. Алматы., 2020.- 289 с.

Электрондық ресурстар

1. <http://www.aprk.kz/> (каз., рус.)
2. <http://www.gaar.kz/> (рус.)

3. <http://www.kuzhatzhai-atyrau.kz/rus/> (рус., каз., англ.)
4. <http://www.arhiv.vko.gov.kz/> (каз., рус.)

